

Бесжылдықтармен, онжылдықтармен өлшенбейтін дүние



Алға ұмтылу үшін санаға сілкініс керек. Ата-бабаларымыздың қарапайым өмір қағидасы осы. Оның үстінен, қазіргідей жат идеологиялар елімізге үлкен қауіп тудырып түрған кезенде улттық құндылықтарымызды жаңғырту аса қажет дүние екені айтпаса да түсінікті. Тұлтеп келгенде, мұны аға буынның өскелең үрпақ алдындағы міндегі һәм парзы ретінде қабылдауымыз керек.

Осыдан төрт жыл бұрын Тұнғыш Президент – Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы арқылы ел түрғындарын рухани жаңаруға үндеп, көп жылдан бері көкейде жүрген мақсат-мұратымызды айқындалап берді. Жетпіс жыл бойы, одан қала берді тәуелсіздіктің елең-алаңында жоғалтыңқырап алған улттық құндылықтарымызды қайта оралтуға деген мұндай қадам – талайымыздың санамызға сөule түсірген дүние болды. Әйткені, бұған дейінгі мемлекеттік денгейде қолға алынған жобалардың дені экономиканы, әлеуметтік және саяси салаларды дамытуға негізделсе, «Рухани жаңғыру» тулас бір халықтың тұрмыс-тіршілігін, болмысын, салт-дәстүрін жаңғыртуды көздеді.

Елбасы өз еңбегінде рухани жаңғыруымызға аса қажет алты басымдықты айқындалап берді. Олар: бәсекелік қабілет, прагматизм, улттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық жолмен дамуы және сананың ашықтығы. Осы басымдықтардың ішкі өзегі іспетті «Латын қарпіне кешу», «100 жаңа есім», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаңа гуманитарлық білім: қазақ тіліндегі 100 жаңа окулық», «Жаһандығы заманауи қазақстандық мәдениет», «Тұған жер» жобаларының қай-қайсысы болсын, еліміздің жаһандану дәүіріндегі рухани кеңістігінің жаңа бастауы. Алайда, Елбасы айтқандай, жаңа түрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ол улттық кодынды сақтай білуге келіп тіреледі. Ал, улттық кодымызды сақтау кеше-бүтін туындаған проблема емес. Бұл Елбасының ата-бабадан қалған миравсты жолды жалғап, сын сағатында үлттына қайта ұсынып отырған киелі дүниесі деуге болады.

Біздіңше, рухани жаңғыру белгілі бір мәжемен шектелмей, үздіксіз жүзеге асып жатуы тиіс. Себебі, қазіргі ғылым мен технология аса жылдам қарқынмен дамып бара жатқан заманда үлт ретінде рухымызды көтеріп, жаңарып, өркендел отырмасқа лажымыз жок. Бір сөт мұлгін кетсек, өркениет кешінен алысталғаларымыз анық. Сол үшін рухани жаңғыру да экономикалық даму үрдісімен қатар жүруі керек. Ал, жаңғыру ісі бесжылдықтармен, онжылдықтармен өлшенбейтін дүние. Осы орайда жанжагымызды үлтшыл, елшіл, отаншыл жандар қаумалаған қоғам құра алсақ, онда рухани жаңғырганымызды еліміздің өрбір азаматы өзі-ақ жан-тәнімен сезінер еді.

Гүлназ АЛТАЕВА,

М.Әуезов атындағы Оқу-дың «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық теориясы мен әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы.